

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ

СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2020 жылғы 12 қараша

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа қатысушылар! Сенаттың кезекті отырысын бастаймыз. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қажетті кворум бар. Сенаттың отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті сенаторлар, алдымен күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «1994 жылғы 9 қыркүйектегі Еуразиялық патент конвенциясына Өнеркәсіптік үлгілерді қорғау туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Әділет министрі Бекетаев Марат Бақытжанұлына беріледі.

БЕКЕТАЕВ М.Б. Құрметті Маулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сіздердің назарларыңызға «1994 жылғы 9 қыркүйектегі Еуразиялық патент конвенциясына Өнеркәсіптік үлгілерді қорғау туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Заң жобасын қарастыруға ұсынып отырмыз.

Хаттамада өнеркәсіптік үлгілерге еуразиялық патенттердің құқықтық қорғау ерекшеліктері, әрекет ету қағидастары, өтініш берушілердің және құқық иеленушілердің құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ Еуразиялық патент ведомствосы жүзеге асыратын міндеттемелер мен уәкілеттіктер көзделген.

Аталған заң жобасы өңірлік патент жүйесін жетілдіру мақсатында енгізіліп отыр.

Халықаралық патенттеу кезінде әр мемлекетте жеке өтінім беру және жеке төлемдерді төлеу айтарлықтай әкімшілік кедергі болып табылады.

Қазақстандық өтінім берушілер үшін өңірлік жүйенің артықшылығы – объектіні сегіз мемлекетте бір уақытта қорғау үшін Еуразиялық патент ведомствосына жүгіну мүмкіндігі.

Бұл жүйе еуразиялық аумақта сауда жасау барысында өнеркәсіптік үлгілерді қорғаудың деңгейін арттыруға және осы жүйенің мүше мемлекеттерінің инвестициялық тартымдылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Өңірлік патент Еуразиялық нарыққа бағытталған отандық тауар өндірушілерінің мүмкіндіктерін арттырады.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Рысбекова Ләззәт Тұяқбайқызына беріледі.

РЫСБЕКОВА Л.Т. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Еуразиялық патент конвенциясына Өнеркәсіптік үлгілерді қорғау туралы хаттаманы ратификациялауды толықтай қолдаймын. Баяндамашы айтып өткендей, заң жобасын ратификациялау біздің республикамыз бен еуразиялық патенттеу жүйесіне қатысушы мемлекеттер арасындағы көпжақты ынтымақтастықты одан әрі кеңейтуге ықпал ететін болады.

Менің сұрағым Қазақстан Республикасының Әділет министрі Марат Бақытжанұлы Бекетаевқа қойылады.

Құрметті Марат Бақытжанұлы! Еуразиялық одаққа мүше мемлекеттер санының артуы, сондай-ақ қатысушы мемлекеттердің экономикаларының инновациялық дамуы патент алуға өтінімдер санының айтарлықтай өсуіне және сәйкесінше өтінімдерді қарау уақытының ұлғаюына әкелуі мүмкін. Осыған байланысты келесі сұрақтар туындайды.

Бүгінгі таңда өтінімдерді қарау мерзімі қандай және оларды қарау мерзімдерін қысқартудың мүмкіндіктері қандай? Сондай-ақ бұл жүйе отандық тауар өндірушілердің қызметіне қалайша оң әсер етуі мүмкін? Рақмет.

БЕКЕТАЕВ М.Б. Сұрағыңызға рақмет. Қазіргі уақытта Қазақстанда ұлттық жүйе бойынша өтінімді қарау мерзімі шамамен 8-9 айды құрайды. Ал еуразиялық патенттік жүйе бойынша шамамен осындай мерзім болады деп күтілуде. Бұл мерзім өтінімдердің санына ғана емес, бұл мерзім патенттің күрделілігіне байланысты. Ол қысқа болуы мүмкін және ол бір жылға дейін созылуы мүмкін.

Ал екінші сұраққа келетін болсақ, осы хаттаманың негізгі мақсаты – өнімдерді патенттік қорғау аумағын кеңейту. Жалпы еуразиялық патенттік жүйені пайдалану ұлттық өнімдердің сегіз елде таратылуына септігін тигізеді. Рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Марат Бақытжанұлы, орныңызға отырыңыз.

Слово для содоклада предоставляется председателю Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам Волкову Владимиру Васильевичу.

ВОЛКОВ В.В. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Целью рассматриваемого законопроекта является создание региональной системы получения прав в отношении промышленных образцов по аналогии с действующей системой регистрации евразийских патентов на изобретения.

Законопроектом предусматривается, что создание данной системы упростит процедуру получения охраны в отношении промышленных образцов за пределами Республики Казахстан и снизит административные и финансовые барьеры путем подачи одной заявки в Евразийское патентное ведомство на охрану патента сразу в нескольких государствах.

Согласно данным Министерства юстиции, за 2015 – 2019 годы и девять месяцев текущего года по национальной системе патентования промышленных образцов выдано 1160 патентов. В отношении изобретений за указанный период выдано 5369 патентов. Количество выданных казахстанским патентообладателям патентов по Евразийской системе патентования составило 209. В общей сложности в отношении всех государств – членов Евразийской патентной организации выдано 2281 патент.

Наиболее активными казахстанскими заявителями в использовании Евразийской системы патентования изобретений за последние два года являются Южно-Казахстанский государственный университет (5 евразийских заявок), Медицинский университет города Семей (4 евразийские заявки), Алматинский университет энергетики и связи (3 заявки). Данные заявки относятся к области химии, удобрений, к устройствам в области медицины и машиностроения.

Необходимо отметить, что система получения охраны в отношении промышленных образцов в Евразийском патентном ведомстве не приведет к ущемлению таких прав патентообладателей, получающих охраняемые документы в рамках действующей национальной системы патентования. Но отличие и плюсы ее в том, что казахстанский заявитель будет иметь возможность в рамках упрощенной системы патентования получить охрану патента, действие которого будет распространяться одновременно во всех государствах, подписавших протокол.

В результате ратификации данного протокола действующая более 25 лет Евразийская система патентования будет расширена до двух объектов интеллектуальной собственности, на которые можно будет получить единый патент (изобретения и промышленные образцы), что позволит расширить Евразийскую систему патентования и повысит привлекательность территорий государств-членов для развития торговли и инвестиционной деятельности.

Уважаемые депутаты! Все комитеты и Аппарат Сената представили свои положительные заключения. Законопроект прошел необходимые стадии обсуждения.

С учетом изложенного Комитет по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам в соответствии с пунктом 4 статьи 61 Конституции рекомендует принять Закон Республики Казахстан «О ратификации Протокола об охране промышленных образцов к Евразийской патентной конвенции от 9 сентября 1994 года».

Прошу поддержать. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо, Владимир Васильевич.

Енді заң жобасын талқылауға көшейік.

Слово предоставляется Лукину Андрею Ивановичу.

ЛУКИН А.И. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Целью законопроекта является создание региональной системы получения прав в отношении промышленных образцов по аналогии с действующей системой регистрации евразийских патентов на изобретения.

Протоколом предусмотрены особенности правовой охраны евразийских патентов на промышленные образцы, принципы ее действия, права и обязанности заявителей, правообладателей, а также обязательства и полномочия, осуществляемые Евразийским патентным ведомством.

Принятие и рассмотрение заявок, административные функции, связанные с поддержанием патентов в силе, будут осуществляться Секретариатом Евразийского патентного ведомства, государствами-участниками которого являются Армения, Азербайджан, Беларусь, Кыргызская Республика, Республика Казахстан, Российская Федерация, Республика Таджикистан и Туркменистан.

На сегодняшний день Республика Казахстан является участницей международной системы патентования изобретений РСТ (Patent Cooperation Treaty), Мадридской системы регистрации товарных знаков и Евразийской системы патентования изобретений.

Данный протокол обеспечит участие Казахстана в четвертой по счету международной системе регистрации объектов интеллектуальной собственности.

На основании изложенного предлагаю своим коллегам поддержать принятие данного законопроекта.

Благодарю за внимание.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«1994 жылғы 9 қыркүйектегі Еуразиялық патент конвенциясына Өнеркәсіптік үлгілерді қорғау туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Осы заң жобасы бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті сенаторлар, келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда қарау жөнінде.

Осы мәселе бойынша жауапты министрліктің басшылары залға келіп, отырысқа қатысып отыр. Басқа тиісті мемлекеттік органдар басшылығы бейнеконференц байланысы арқылы отырысқа қатысуда.

Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі Дәленов Руслан Ерболатұлына беріледі.

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық

кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы ұсынылып отыр.

Заң жобасы инвестиция тартуды ынталандыру, бизнес-ортаны дамыту, салықтық әкімшілендіруді жақсартуға бағытталған.

Заң жобасы мынадай негізгі бағыттарды қамтиды.

1. Жеке тұлғаларға салық салуды жақсарту бойынша.

Салық элементтерін өзгертпей жеке тұлғалардың мүлік және жер салықтарын біріктіру ұсынылады, екі салық бірыңғай төлеммен төленеді. Бұл ретте көп пәтерлі тұрғын үйлердің иелері үшін жер салығын алып тастау ұсынылады.

Салық төлеушілерге қолайлы болу мақсатында көлік салығын төлеу мерзімін ағымдағы жылдың 31 желтоқсанынан келесі жылдың 1 сәуіріне ауыстыру ұсынылады.

2. Инвестицияларды ынталандыру бойынша.

Инвестициялық салықтық кредитті енгізу ұсынылады. Кредит корпоративтік табыс салығы және мүлік салығы бойынша 3 жылға берілетін болады. Ол пайызсыз болады, бірақ шарттар орындалмаған жағдайда өсімпұл есептеледі.

Мақтаны қайта өңдеуге, ашытқы, кондитерлік өнімдер, қант қызылшасынан қантты өндіруге есептелген қосылған құн салығының сомасын 70 пайызға азайту бойынша норманы қолдану ұсынылады. Бұл ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуді, отандық тауар өндірушілердің өндіріс көлемін ұлғайтуды ынталандыратын болады.

Экспорт кезінде қосылған құн салығын қайтару рәсімін оңайлату мақсатында отандық өндірушілер үшін қосылған құн салығын жеңілдетілген түрде қайтару құқығын беру ұсынылады, яғни тексерусіз 50 пайыз, тексеруден кейін 50 пайыз.

Көлік құралдары мен ауыл шаруашылығы техникасының компоненттерін өндіру үшін қосылған құн салығы бойынша жеңілдікті қолдану ұсынылады. Бұл отандық автокөліктердегі қазақстандық қамту үлесін арттырады.

3. Транзиттік әлеует және телекоммуникациялар бойынша.

Әлеуметтік бағыттар бойынша тарифтердің тиімсіз болуына және субсидиялауға қаржының жетіспеуіне байланысты тасымалдаушылар шығынға ұшырайды. Тұрақты әлеуметтік маңызы бар автомобиль тасымалдары бойынша қосылған құн салығынан 3 жылға босату ұсынылады.

Теңіз көлігі арқылы транзитті дамыту, транзит құнын төмендету үшін жағдай жасау мақсатында жүкті теңіз портына дейін темір жол арқылы жеткізіп, су көлігіне ауыстырып тиеу арқылы жүргізілетін тасымалдарды халықаралық деп тану және оларға қосылған құн салығының нөлдік мөлшерлемесін қолдану ұсынылады.

5G жаңа байланыс түрін құруға инвестициялар тарту және жасанды интеллектіні дамыту мақсатында радиожилік спектрін пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерін 5 жыл мерзімге 10 есеге дейін төмендету ұсынылады.

4. Қаржы секторы бойынша.

Ипотекалық компанияларды нашар кредиттерден тазарту мақсатында проблемалық кредиттерді кешіру кезінде қарыз бойынша міндеттемелерді тоқтатуды банктердегі сияқты жеке тұлғалардың кірісі ретінде қарамау ұсынылады.

5. Салықтық әкімшілендіру бойынша.

Жүргізілген цифрландыру мен жүйелерді жаңғыртуды ескере отырып, қолданыстағы рәсімдер қайта қаралды.

Мемлекеттік қызметтер бойынша электрондық форматқа ауыстыру, оларды көрсету мерзімдерін қысқарту, жеке практикамен айналысатын тұлғалардың қызметін тоқтату рәсімін оңтайландыру ұсынылады.

Салық есептілігін тапсыру мүмкіндігі кеңейтіліп, енді оны бір реттік парольді пайдалану арқылы ұсынуға болады.

Салықтық дауларды болдырмау үшін қосылған құн салығын қайтарудың оңайлатылған тәртібін қолдану кезінде тексерілетін кезеңге қайтару туралы талап қойылған кезеңді ғана қосу ұсынылады.

Декларацияларды беру рәсімі оңайлатылады.

Сонымен қатар нақтылаушы және редакциялық сипаттағы түзетулер енгізіледі.

Құрметті депутаттар! Талқыланған мәселелерді ескере отырып, заң жобасын қолдауды және бірінші оқылымда қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, енді сұрақ қою рәсіміне көшейік.

Сөз депутат Төреғалиев Нариман Төреғалиұлына беріледі.

ТӨРЕҒАЛИЕВ Н. Рақмет, құрметті Төраға.

Менің сұрағым Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне және Қаржы министрлігіне.

Құрметті Руслан Ерболатұлы, құрметті Ерұлан Кенжебекұлы! Заң жобасының 1-бабы 1-тармағы 220) тармақшасында Салық кодексінің 526-бабына жер салығына қатысты өзгерістер енгізу қарастырылған. Өзгерістерге сәйкес көппәтерлі тұрғын үйлердің меншік иелері үшін жер салығын алып тастау ұсынылады. Өзірлеушінің айтуынша, ұсынылып отырған жеңілдік көппәтерлі тұрғын үйлердің меншік иелерін қолдау мақсатында қабылданғалы отыр.

Осыған орай сұрақ: бұл өзгерістер елімізде қанша көппәтерлі тұрғын үйдің меншік иелерін қамтиды? Заң жобасында жер үйде тұрып жатқан салық төлеушілердің ескерілмеу себебі неде?

Осыған жауап берулеріңізді сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Руслан Ерболатұлы, жауап беріңіз.

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Сұрағыңызға рақмет. Шынында да заң жобасында көппәтерлі үйлердің меншік иелері үшін жер салығынан босату ұсынылады. Бұл 1 миллион азаматқа қатысты, яғни 1 миллион азамат осы жер салығын төлемейді.

Бүгінгі таңда көппәтерлі тұрғын үй үшін жер салығы пәтерлер санына қарай бөлінеді, әр пәтер салықты өз бөлігіне төлейді, сомасы аз, 8 теңгеден 20 теңгеге дейін, ең көп дегенде 100 теңге болады. Бірақ квитанция толтыру қажет, комиссия төлеу қажет, әкімшілендіру де оңай емес, сондықтан бұл салықтан босату ұсынылады.

Жер үйде тұратын салық төлеушілердің бұндай проблемалары жоқ, олар салықты бөлмейді, салық төлеуші біреу ғана, объектісі біреу ғана. Сондықтан көппәтерлі үйлерді жер салығынан босату ұсынылады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі Баеділов Қанат, жауап беріңіз.

БАЕДІЛОВ Қ.Е. Рақмет сұрағыңызға. Шынымен де өте маңызды мәселені көтеріп отырсыз. Мен нақты цифрларға сүйене отырып жауап берер болсам, салық органдарының мәліметтері бойынша біздің елімізде тіркеуде 3 миллион 300 мың пәтер тұр. Жаңа айтып кеткендей, ол 1,5 миллион адамның үлесіне тиеді. Сонымен қатар орташа есеппен әр пәтерден түсетін жер салығын алатын болсақ, бұның орташа құны жылына 60 теңгені құрайды екен. Бәріңіз де келісетін боларсыздар, өте көп ақша емес, аз ақша. Ал енді соны жинау үшін әкімшілендіруге кететін шығындар бұдан асып кетіп отыр. Мысалы, оны жыл сайын есептеу керек, оны пәтер иелеріне жеткізуіміз керек, оны мәжбүрлеп алуымыз керек, соған кететін шыған кірістен көбейіп отыр. Мысалы, азамат жер салығын уақытында төлемеген кезде біз оларға пошта арқылы хабарландыру жібереміз, ал бір хабарландырудың бағасы 510 теңге. Сондықтан мен бұл салықты алып тастау орынды және әділ деп ойлаймын.

Неге жер үйлерді де жер салығынан босатпайсыздар деген сұрақтар туып жатыр. Менің оған айтарым, жеке үйге салынатын жер салығы мен пәтерге салынатын жер салығын салыстыруға болмайды. Біріншіден, жер үйден түсетін жер салығының көлемі әлдеқайда көп. Былтырғы жылғы салық органдарының қорытындысы бойынша жер үйден түскен жер салығының бағасы 2 миллиард 700 миллион теңгені құрап отыр. Екіншіден, бұл ақша жергілікті бюджеттің төртінші деңгейіне (ауылдардың, кенттердің, поселоктардың әкімдерінің бюджетіне) түседі. Сондықтан бұл ақша олар үшін бюджеттің төртінші деңгейі кірісінің негізгі көзі болып табылады.

Бүгінгі енгізіліп отырған норма Салық кодексінің негізгі принципі – әділеттілік принципі бұзбайды деген ойдамын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Слово предоставляется депутату Ершову Сергею Михайловичу.

ЕРШОВ С.М. Спасибо, уважаемый Маулен Сагатханулы.

У меня вопрос к Министру цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан.

Уважаемый Багдат Батырбекович! В Послании Главы государства отмечалось, что необходимо устранить цифровое неравенство, обеспечить максимальный доступ к интернету и качественной связью всех граждан. Эти вопросы особенно обострились в период пандемии коронавируса.

В этой связи депутатами Сената в рамках данного законопроекта иницируются поправки касательно снижения размера ставки на радиочастоты, необходимые для мобильной связи третьего и четвертого поколений, на 90 процентов. И при этом предлагается закрепить обязательство операторов связи применять льготы только в том случае, если направлять эти высвободившиеся средства на финансирование проектов широкополосного доступа в интернет прежде всего в сельских населенных пунктах.

Как эта норма на практике повлияет на улучшение качества интернета? Решится ли вопрос покрытия широкополосным интернетом в сельской местности? Когда у нас будет высокоскоростной интернет? Спасибо.

МУСИН Б.Б. Уважаемый Маулен Сагатханулы! Уважаемые депутаты! Предлагаемые нормы в первую очередь направлены на стимулирование операторов связи путем снижения налоговых выплат за право использования радиочастотного спектра. То есть предлагается в течение пяти лет сократить на 90 процентов размер ежегодной ставки за использование радиочастотного спектра сотовой связи с 2300 на 230 МРП. Благодаря этому операторы смогут и будут должны вкладывать свои средства дальше в свои проекты, чтобы развивать интернет-инфраструктуру в сельской местности. Это во-первых.

Во-вторых, чтобы соблюсти такие льготные условия, нормами также предусматриваются встречные обязательства операторов, которых Вы отметили. За это я хочу поблагодарить вас, депутатов, что мы совместно с вами выработали позицию, когда скидка 90 процентов будет применяться только к тем операторам, которые будут выполнять условия и вкладывать свои сэкономленные средства от этой льготы в развитие инфраструктуры для предоставления широкополосного доступа в интернет в сельской местности.

Если эти обязательства не будут выполняться, то соответствующее разрешение на радиочастотный спектр имеют право отозвать в соответствии с действующим Законом «О связи».

Уважаемые депутаты, еще раз благодарю вас за возможность проработки таких предложений и прошу их поддержать.

Хочу добавить, когда мы начали прорабатывать эти предложения, нам удалось сдвинуться вперед уже сейчас. Операторы уже с июля текущего года за счет своих собственных средств и совместно, объединившись в кооперацию, начали работу по подключению интернета в сельских населенных пунктах, где проживает более 250 жителей. Таким образом, мы выполняем обещание предвыборной платформы «Nur Otan». Это 4137 сел, которые будут обеспечены интернетом до конца текущего года.

Но в последующие пять лет средства будут вкладываться именно в повышение качества. Мы признаем, что определенные сельские населенные пункты и определенные зоны покрытия сегодня обеспечены слабым сигналом интернета, что очень сильно повлияло на работоспособность некоторых специальностей, в том числе при онлайн-обучении. Поэтому мы думаем, что эти нормы позволят нам полностью закрыть данный вопрос в течение пяти лет. Спасибо.

ТӨРАҒА. Багдат Батырбекович, спасибо. Хочу обратить Ваше внимание на один момент. Та поправка, которую сенаторы включили в сравнительную таблицу, касается обеспечения широкополосным интернетом, создания соответствующей инфраструктуры в городской и сельской местности. Чтобы не обделять города, сенаторы здесь включили слова «городской местности». Но в дальнейшем при реализации закона, при принятии необходимых приказов министерства просим в приоритетном порядке обеспечивать широкополосным интернетом сельские населенные пункты. Уже дальше в правоприменении прошу учесть этот момент. Почему? Потому что в городах сегодня в целом есть возможность доступа к качественному интернету, чего нет на селе. Чтобы была определенная вариативность у

сотовых операторов, мы включили слова «городской и сельской местности». Но дальше, надеемся, министерство обеспечит в своей работе приоритетность обеспечения доступа к интернету в сельской местности за счет именно этой льготы, которую мы даем сотовым операторам. Договорились?

МУСИН Б.Б. Маулен Сағатханович, так и сделаем.

ТӨРАҒА. Хорошо, спасибо.

Келесі сөз депутат Мамытбеков Еділ Құламқадырұлына беріледі.

МАМЫТБЕКОВ Е.Қ. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым министр Дәленов Руслан Ерболатұлына.

Уважаемый Руслан Ерболатович! Малый и средний бизнес переживает непростые времена, фактически приняв на себя основной удар пандемии. Поэтому одной из инициатив Главы государства в Послании было предоставление права субъектам малого и среднего бизнеса, работающим в наиболее пострадавших от пандемии секторах, уплачивать розничный налог.

Необходимость предоставления мер поддержки малому и среднему предпринимательству как в виде создания особых налоговых режимов, так и в части упрощения налогового администрирования, обсуждалась депутатами Сената на различных площадках. Поэтому в рамках законопроекта сенаторами были предложены нормы по введению нового режима розничного налога, то есть предложен новый режим налогообложения, который, как мы полагаем, будет интересен бизнесу. Это уплата 3 процентов от дохода, отсутствие порогов как по доходу, так и по обороту для постановки на учет НДС и другое. Предлагается этот режим внедрить на два года.

В этой связи вопрос. Ваше мнение, какие сферы бизнеса может заинтересовать этот режим, какой эффект он даст? Спасибо.

ТӨРАҒА. Руслан Ерболатұлы, жауап беріңіз.

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Сұрағыңызға рақмет.

Это важная инициатива сенаторов. Во исполнение поручения Главы государства, озвученного в Послании народу Казахстана, предлагается новый режим – режим розничного налога. Он добровольный. Он заменяет собой налог на добавленную стоимость. Налогоплательщик имеет право выбрать, остаться ему плательщиком НДС либо перейти на режим розничного налога. Это антикризисная мера, затрагивает отрасли, пострадавшие от пандемии. Налогоплательщик сам вправе выбрать, как ему поступить: или вести сложный учет, вычислять добавленную стоимость и к добавленной стоимости применять ставку НДС 12 процентов, или перейти на упрощенный режим розничного налога, не вести сложный учет, не вычислять добавленную стоимость, а просто к обороту применять 3 процента. Как будет выгодно налогоплательщику, как ему удобно, ему предоставляется такое право.

По нашим оценкам, это коснется порядка 4 тысяч налогоплательщиков. Выбор будет, конечно, за ними.

За два года бизнес сэкономит порядка 40 миллиардов тенге. Это важная инициатива. Ввиду альтернативности, что можно добровольно переходить или не переходить на этот режим, а также льготной ставки, мы считаем, что данная норма будет положительно воспринята и воспринимается малым и средним бизнесом. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Келесі сөз депутат Лұқпанов Сағындық Есенғалиұлына беріледі.

ЛҰҚПАНОВ С.Е. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Мой вопрос к господину Даленову. Глава государства в своем Послании озвучил необходимость внедрения нового инструмента – стратегического инвестиционного соглашения.

В нынешних условиях наблюдается конкуренция за инвестиции в мире, что требует принятия активных мер по реализации новых инвестиционных проектов во всех отраслях экономики, а также дальнейшему улучшению инвестиционного климата. Необходимо внедрение новых инструментов привлечения иностранного капитала.

В ходе обсуждения законопроекта депутатами Сената был предложен ряд важных новелл касательно соглашений об инвестициях в части налогообложения. Это налоговые преференции, стабильность налоговых ставок, льгот и мер поддержки, возможность продления налоговых послаблений и другое.

Каково Ваше мнение по предлагаемым поправкам, помогут ли они развитию смежных отраслей, особенно малого и среднего бизнеса? Спасибо.

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Спасибо за вопрос.

Данная инициатива депутатов Сената очень важна, это очень важная новелла для привлечения инвестиций. Предлагается заключать инвестиционные соглашения по крупным инвестициям, 50 миллионов долларов и больше. Будут предоставляться налоговые стимулы. Это освобождение на 10 лет от корпоративного подоходного налога, налога на имущество, налога на землю.

Кроме того, по истечении 10 лет инвестор имеет право до 20 процентов от вложенных инвестиций возместить за счет будущих налогов. То есть государство будет продолжать получать уже налоги после истечения льготного периода, но налогоплательщик часть своих расходов может возместить в счет будущих налогов, но не более 20 процентов. Это создает выгодные условия.

Что инвестору важно для работы в любой стране? Это стабильность условий. Поскольку соглашение будет заключаться от имени Правительства, это обеспечит сохранение стабильности условий работы.

Конечно же, в силу большого размера инвестиций данные проекты будут являться якорными, они будут привлекать большое количество малого и среднего бизнеса в своей работе, будут делать заказы, развивать смежные отрасли.

Приведу простой пример. Уже реализован туристический комплекс в городе Актау, только первая фаза. Помимо того, что во время стройки они нанимали строителей и сейчас наняли персонал по обслуживанию туристических объектов, они каждый день заказывают продукцию у местных производителей в таком размере, сколько местные производители

производили за один месяц. А теперь этот объем заказа только за один день. Это только один пример.

Естественно, развиваться отрасли будут. Эти инвестиционные проекты дадут мощный толчок. Поэтому инициатива депутатов, мы считаем, приведет к притоку больших инвестиций в страну, будет развивать малый и средний бизнес и давать рабочие места казахстанцам. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Келесі сөз депутат Мұрат Бақтиярұлына беріледі.

БАҚТИЯРҰЛЫ М. Рақмет, құрметті Төраға.

Бүгін талқыға түсіп отырған заң жобасы отандық бизнесті, шетелдік инвесторларды ынталандырудың аясын кеңейтеді. Сондықтан да мен заң жобасын қолдаймын.

Мемлекет басшысы 2019 жылғы Жолдауында (цитата) «Жалпы ішкі өнім мен халық табысының артуына қарамастан, қоғамдағы мүліктік жіктелу үдерісі сақталып отыр, тіпті күшейіп барады. Бұл – алаңдатарлық фактор. Сондықтан оған ерекше назар аудару керек» деген болатын.

Бұл мәселені шешудің көптеген жолдары бар. Соның бір жолы ретінде байлыққа салық салуды енгізуді қарауға болады. Бұл халықаралық тәжірибе, көптеген елдерде бар.

Бюджетке түсетін түсімдерде сән-салтанатқа арнайы салық енгізу бүгінгі күні өте өзекті болып табылады. Ауқатты қазақстандықтар халық алдында әлеуметтік жауапкершілікте болуға және өз байлығын елдің дамуына бағыттаулары тиіс.

Тәуелсіздіктің 30 жылы ішінде елде халықтың бай және кедей топтары арасындағы алшақтық айтарлықтай өскенін көріп отырмыз. Бұл жерде мәселе яхталар, ұшақтар, элиталық жылжымайтын мүліктер, қымбат автомобильдер, зергерлік бұйымдар сияқты сән-салтанатты заттарға салық салуға қатысты болып отыр. Байлық салығын енгізу Қазақстанда салық салудың әділетті жүйесін қалыптастыра алады деп есептеймін.

Осыған байланысты Ұлттық экономика министрі Руслан Ерболатұлына сұрақ. Осы мәселеге қатысты сіздің ұстанымыңызды білгім келеді, біріншіден.

Екіншіден, байлыққа қатысты салықты ұлғайту келешек жоспарларыңызда бар ма? Рақмет.

ТӨРАҒА. Руслан Ерболатұлы, жауап беріңіз.

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Сұрағыңызға рақмет.

Әрине, ондай жоспарымыз бар. Қазіргі таңда жаңа Салық кодексінде әділетті және айқын принциптер көзделген. Салық салу табыстарды теңестірудің тиімді құралдарының бірі болып табылады.

Онда екі бағыт бар, бұл мүліктің бағасына қарай жоғары салық салу және тапқан табысқа салық салу. Табысқа салық салу немесе жеке табыс салығы бойынша елде 10 пайыздық бірыңғай мөлшерлеме қолданылады, бірақ төмендетілген мөлшерлеме де бар. 70 мың теңгеге дейінгі табыстар бойынша қосымша шегерімдер қолданылады, яғни мұнда төмен табыстарға төмен салық салынады. Осылайша, жеке табыс салығы бойынша дифференциаланған әдіс қолданылады.

Салық кодексінде көлік салығы, мүлік салығы бойынша үлкен айырмашылық бар. Мүліктің құны жоғары болса, оған салынатын салық та жоғары болады. Мөлшерлеменің айырмашылығы 40 есе, 0,05 пайыздан 2 пайызға дейін.

Осындай мөлшерлеме айырмашылығы көлік салығында да бар. Көлік салығы бойынша айырмашылық 8 мың теңге мен 600 мың теңге аралығында.

Сондай-ақ алкогольге, темекіге, 3 литрден асатын автомобильдерге акциз ретінде қосымша салық салынады. Осылайша, мүлікке салық салу дифференциаланған.

Менің ойымша, салық салу тиімді құрал болып табылады. Салық салу арқылы теңсіздікті төмендетуге болады. Осы бағыт бойынша тиісті жұмыс жүргізілуде. Рақмет.

ТӨРАҒА. Руслан Ерболатұлы, бұл жерде Мұрат Бақтиярұлының сұрап отырғаны басқа салықтар емес, жеке табыс салығына байланысты. Соның көлемі көбейсе, оған болашақта салық көбейе ме деген мәселе ғой, сондай сұрақ қой.

Қазір жеке табыс салығына байланысты біздің шкаламыздың бәрі бірдей ғой. Соған байланысты бұл мәселе, әрине, бүгінгі күннің мәселесі емес, бірақ әрі қарай жұмыстарыңызда осы сұрақты ескересіздер, пысықтайсыздар деп сенеміз. Бұны тағы да арнайы жеке ақылдасамыз деп ойлаймын.

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Әрине, болады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Жақсы.

Келесі сөз депутат Бекназаров Нұрлан Құдиярұлына беріледі.

БЕКНАЗАРОВ Н.Қ. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы. Менің сауалым Қаржы министрлігінің өкіліне бағытталады.

Құрметті Қанат Ескендірұлы! Мемлекет басшысы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі және Үкіметтің кеңейтілген отырысының қорытындылары бойынша жаңа құрал – тиісті сақтық қағидатын енгізудің қажеттігін айтты. Қазіргі кезде мемлекет тарапынан бақылаудың болғанына қарамастан номиналды фирмаларды пайдалану проблемасы өзекті күйінде қалып отыр. Бір күндік фирмалар бюджет үшін қасақана құқыққа қарсы әрекеттермен нұқсан келтіріп қана қоймай, адал бизнес субъектілеріне де кері әсерін тигізуде. Қазіргі орын алған проблема бойынша контрагенттерге дербес тексеру жүргізу үшін бизнес субъектілері бойынша ашық интеграцияланған дерекқор құра отырып, тиісті сақтық қағидатын енгізу қажеттілігі туындауда.

Осыған байланысты сенаторлар бастамасымен Қаржы министрлігінің мүдделі мемлекеттік органдармен және Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен осындай ақпараттық жүйені енгізу үшін өзара іс-қимыл жасауын көздейтін түзетулер енгізіліп, Қаржы министрлігі тарапынан тиісті әдістеме әзірленген жағдайда, сіздің ойыңызша, болашақта мұндай жаңа құрал қаншалықты тиімді болмақ, ол көлеңкелі экономиканы азайтуға ықпал ете ала ма? Рақмет.

ТӨРАҒА. Қанат Ескендірұлы, жауап беріңіз.

БАЕДІЛОВ Қ.Е. Рақмет. Біріншіден, құрметті Сенат депутаттары, сіздерге сақтық принципін енгізу жөніндегі бастамаларыңыз үшін алғыс білдіруге рұқсат етіңіздер. Өте маңызды бастама. Бұл тек қана бизнес емес, еліміздің экономикасы үшін де маңызды мәселе.

Сіздердің бастамаларыңызды «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірге біз жан-жақты талқыладық, осы ұсынып отырған түзетуді қолдап отырмыз.

Осы ұсынылып отырған норма бойынша келесі жылдан бастап бизнес субъектілер контрагенттермен бизнес байланыс жасар алдында, келісімшарт жасар алдында осы интеграцияланған дерекқорлардың деректері арқылы олардың сенімділігін, адалдығын тексере алады. Сонымен қатар ол сол контрагенттің сол кездегі нарықтағы нақты жағдайын анықтауға мүмкіндік береді.

Бұл енгізіліп отырған сақтық принципі профилактикалық шара деп ойлаймын. Ең бастысы, егер өздерінің контрагенттерін үнемі осылай дерекқор арқылы тексеріп отыратын болса, салықтық тексеру кезінде салық органдары тарапынан адал кәсіпкерлерге ешқандай сұрақтар туындамайтын болады.

Екіншіден, осындай принциптің болуы, ең алдымен, осы нарықта «бір күндік» жалған кәсіпкерлердің қызметтеріне сұранысты азайтатын болады. Сол себепті бұның тигізетін оң әсері өте көп, мультипликативті әсерлері көп. Атап айтатын болсақ, жалған кәсіпкерлердің санының азаюына байланысты көлеңкелі айналымның көлемі азаяды, салық салу базасы кеңейеді, салық органдарының әкімшілендіруге кететін еңбек, адам шығындары азаяды. Сонымен қатар сотта жатқан салық органдары мен салық төлеушінің арасындағы даудың санын азайтады деп ойлаймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Слово предоставляется депутату Булавкиной Ольге Александровне.

БУЛАВКИНА О.А. Спасибо, уважаемый Маулен Сагатханулы.

Мой вопрос адресован Министерству национальной экономики Республики Казахстан.

Уважаемый Руслан Ерболатович! Президент поручил предоставить возможность гражданам снимать часть пенсионных накоплений. Мера очень нужная в это непростое время. Но возникли вопросы с налогообложением. По действующему закону, если гражданин снимает свои накопления, то удерживается подоходный налог 10 процентов с полученной суммы. То есть сразу возникает единовременная нагрузка для гражданина.

Как Вы знаете, в последнее время в обществе активно обсуждается вопрос снятия части пенсионных накоплений и их налогообложения. Для приемлемого решения данного вопроса депутатами Сената предлагается предоставление отсрочки уплаты индивидуального подоходного налога. То есть налог сразу платиться не будет, а оплата будет произведена в рассрочку после выхода на пенсию в течение 16 лет.

Какова Ваша позиция по сути предлагаемого решения? Спасибо.

ТӨРАҒА. Руслан Ерболатұлы, жауап беріңіз.

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Спасибо за вопрос.

В соответствии с действующим законодательством гражданин постепенно в течение жизни накапливает пенсионные взносы, перечисляет в пенсионный фонд. При перечислении

применяется налоговая льгота, применяются вычеты, сумма налога постепенно уменьшается. В будущем при получении своих взносов из пенсионного фонда происходит равномерное обложение, поскольку происходит равномерное изъятие, ранее освобожденные взносы постепенно облагаются налогом, все происходит равномерно.

Теперь при единовременном изъятии на приобретение жилья, на лечение или для передачи в финансовые компании для управления, естественно, это большое единовременное изъятие накоплений, должен возникать единовременный большой налог. Это единовременная нагрузка, этого допускать нельзя. Поэтому депутатами Сената были инициированы предложения по решению данного вопроса. Они детально обсуждались в комитетах Сената, поддержаны Правительством.

Предложено при единовременном изъятии не взимать налога, то есть при снятии пенсионных накоплений подоходный налог у источника выплаты удерживаться не будет, уплата налога будет происходить в будущем без увеличения нагрузки.

Таким образом, единовременная нагрузка не возникает, восстанавливается налоговая справедливость, это позволит снять налоговое препятствие для использования пенсионных накоплений на приобретение жилья, лечение. Поэтому инициативы сенаторов актуальны, своевременны и несут большую пользу гражданам. Спасибо.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, басқа сұрақтар жоқ.

Руслан Ерболатұлы, рақмет сізге. Орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Дүйсембаев Ғұмар Ислямұлына беріледі.

ДҮЙСЕМБАЕВ Ғ.И. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Қаралып отырған заң жобасы «Баршаға ортақ игілік! Сабақтастық. Әділдік. Өрлеу» атты Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауалды бағдарламасын, сондай-ақ Мемлекет басшысының 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде әзірленді.

Аталған заң жобасы салық салу базасын кеңейтуді, инвестициялар тартуды ынталандыруды, бизнес-ортаны дамытуды, салықтық әкімшілендіруді жақсартуды көздейді.

Заң жобасында келесі ережелер ұсынылады:

жеке тұлғалардың мүлкі мен жеріне салынатын салықтарды бір салыққа біріктіру, яғни екі салық бірыңғай төлеммен төленеді. Бұл түбіртектерді толтыру және банк комиссияларын төлеу бойынша шығындарды қысқартуға мүмкіндік береді;

көп пәтерлі тұрғын үйлердің меншік иелері үшін жер салығы алынып тастау. Бұл салықтың шамалы мөлшеріне, есептеудің күрделілігіне және басқарудың айтарлықтай шығындарына байланысты;

көлік салығын төлеу мерзімін ауыстыру. Қазір салық сол жылы, жыл соңына дейін төленеді. Келесі жылдың 1 сәуіріне дейін төлеу ұсынылады;

инвестициялық салық несие енгізу. Несие корпоративтік табыс салығы мен мүлік салығы бойынша 3 жылға беріледі;

мақтаны қайта өңдеуге, ашытқы өндіруге қосылған құн салығы сомасын 70 пайызға дейін азайту. Бұл ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуді ынталандырып, отандық тауар өндірушілер өндірісінің көлемін ұлғайтатын болады;

отандық өндірушіден сатып алынған көлік құралдарын немесе ауыл шаруашылығы техникасын өткізу кезінде дилерлерді қосылған құн салығынан босату. Қазіргі уақытта, егер өндіруші өз өнімдерін өзі сатса, онда қосылған құн салығы төленбейді, ал егер дилер арқылы сатылса, қосылған құн салығы төленеді;

корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстарды 2,5 миллион теңгеден астам мөлшерде қолма-қол нысанда шегерімге жатқызуға тыйым салу. Өздеріңіз білетіндей, бізде заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер арасында қолма-қол нысанда 1000 айлық есептік көрсеткіштен жоғары мәмілелерге тыйым салынған.

Бұдан басқа салықтық әкімшілендіру бөлігінде рәсімдер оңайлатылды.

Аталған заң жобасы жұмыс топтарының, комитет отырыстарында және комитеттің кеңейтілген отырысында қаралды.

Сенаттың тұрақты комитеттерінде заң жобасының тұжырымдамасы бойынша ескертпелер мен ұсыныстар жоқ.

Баяндалғанның негізінде Қаржы және бюджет комитеті «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Ғұмар Ислямұлы.

Енді заң жобасын талқылауға көшейік.

Сөз депутат Жұмағазиев Мұхтар Сабырұлына беріледі.

ЖҰМАҒАЗИЕВ М.С. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан халқына арнаған өз Жолдауларында «тікелей шетелдік инвестицияларды тарту жөніндегі жұмысты барынша жандандыру қажеттілігін, оның ішінде ауыл шаруашылығы өнімдерін экспортқа шығаруда шикізаттық бағыттан қайта өңделген өнімдерге басымдық берудің өзекті міндет болып табылатынын» айтқан болатын.

Бюджеттік қаражаттардың шектеулігі, әлемдік тікелей инвестиция нарығындағы бәсекелестіктің күшеюі кезінде мемлекеттік инвестициялық саясатты дұрыс таңдау басымдығы қашанда арта түседі. Осы орайда мемлекеттің салық саясатын жүзеге асырудың тұрақтылығы мен нақтылығы сабақтастық инвестициялық жобаларды дайындау мен жүзеге асыруға қажетті жағдай туғызатыны сөзсіз. Соның бір көрінісі бүгінгі қаралып отырған заң жобасы десек болады.

Инвестицияларды ынталандыру мақсатында енгізіліп отырған жаңашыл норма «инвестициялық салықтық кредит» алдағы уақытта өз жемісін береді деген ойдамын.

Бұл ретте агроөнеркәсіп кешенін дамыту үшін және салаға инвестиция тартуды ынталандыру бойынша енгізіліп отырған түзетулерді ерекше атап өту қажет, яғни мақтаны қайта өңдеу, ашытқы өндіру үшін қосылған құн салығының 70 пайыз сомасын қосымша есепке алу, ауыл шаруашылығы техникасының компоненттерін өндіруге ынталандыру, арнайы экономикалық аймақтарда тауарларды өткізу кезінде қосымша құн салығын салудың

бірыңғай тәртібін белгілеуге қатысты нормалар ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуді дамытуға және де отандық тауар өндірушілер өндірісінің көлемін арттыруға бағытталып отырғанын атап өткен жөн.

Сонымен қатар арнайы салық режимі бойынша салық салынатын кірісті есептеу кезінде шегерімге жатқызылатын шығыстар тізбесін кеңейту, ірі және ұсақ малдарды әкелу кезінде импортқа қосымша құн салығын төлеген шаруашылықтар үшін «бірыңғай жер салығын» қолдану құқығын сақтау, отандық тауар өндірушілер үшін қосымша құн салығын қайтаруды оңайлату өз кезегінде олардың айналымдағы қаражаттарын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Жоғарыда аталған мәселелермен қатар салықтық әкімшілендіруді жетілдіру, салық салу кезінде мемлекеттік қызметтер көрсету мерзімдерін оңтайландыру мен салықтық міндеттеменің орындалуын оңайлатуға бағытталған заң жобасының басқа да нормалары ел экономикасына инвестиция тартуға және де елдегі бизнес-ортаны дамытуға өз септігін тигізеді деп санаймын.

Қорытындылай келе, жоғарыда аталған заң жобасын қолдай отырып, әріптестеріме де қолдауды ұсынамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ, талқылау аяқталды. Енді заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдау туралы Сенат қаулысының жобасы сіздерде бар. Сол қаулыны дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Бас комитетке заң жобасын екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Сөз депутат Ғұмар Ислямұлына беріледі.

ДҮЙСЕМБАЕВ Ғ.И. Рақмет.

Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! Заң жобасы екінші оқылымда қарауға дайын. Бас комитет осы заң жобасын бүгінгі күн тәртібіне қосымша енгізуді ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймыз.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоюымыз керек. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды.

Заң жобасы бүгін екінші оқылымда қаралады.

Күн тәртібіне қосымша енгізілген мәселе бойынша комитеттің отырысын өткізу үшін 10 минутқа үзіліс жариялаймын.

ҮЗІЛІС.

ҮЗІЛІСТЕН КЕЙІН.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар! Тіркеуден өтулеріңізді сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қажетті кворум бар. Жұмысымызды жалғастырайық.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіне қосымша енгізілген «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда қараймыз.

Сөз Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Дүйсембаев Ғұмар Ислямұлына беріледі.

ДҮЙСЕМБАЕВ Ғ.И. Уважаемый Маулен Сагатханулы! Уважаемые коллеги! Проект Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Кодекс Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс) и Закон Республики Казахстан «О введении в действие Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс) рассмотрен на заседании Сената и одобрен в первом чтении.

Комитетом по финансам и бюджету с целью повышения эффективности налоговой политики и совершенствования налогового администрирования на постоянной основе ведется мониторинг, анализ и выработка соответствующих предложений. Так, в текущем году мы провели круглый стол и несколько встреч с соответствующими государственными органами, в ходе которых обсуждались рассматриваемые сегодня вопросы. Это вопросы упрощения процедуры возврата НДС при экспорте несырьевой продукции, вовлечения физических лиц к всеобщему декларированию и другие. Хочу отметить, что большинство предложений внесены и отражены в данном законопроекте.

В ходе обсуждения законопроекта и его подготовки ко второму чтению возникла необходимость внесения изменений и дополнений в проект закона.

В Послании Главы государства народу Казахстана от 1 сентября 2020 года «Казахстан в новой реальности: время действий» озвучены меры, по которым требуется внесение изменений в налоговое законодательство. В связи с этим депутатами Сената инициируются следующие поправки.

1. В целях предоставления возможности полноценного использования единовременных пенсионных выплат предлагается предоставить отсрочку по уплате ИПН. Следует отметить, что данный вопрос наш комитет уже начал обсуждать и отрабатывать в рамках проведенной в сентябре встречи с государственными органами и экспертами.

2. Предоставление права субъектам малого и среднего бизнеса, работающим в наиболее пострадавших от пандемии секторах, уплачивать розничный налог.

3. Внедрение нового инструмента – стратегическое инвестиционное соглашение, которое будет заключаться между Правительством и инвесторами в целях фиксации договоренностей. Реализуемый инвестиционный проект должен соответствовать перечню

видов деятельности, утвержденных Правительством Республики Казахстан для соглашения об инвестициях.

4. Снижение нагрузки на фонд оплаты труда для малого и среднего бизнеса в наиболее пострадавших отраслях в части исчисления социального налога. Предлагается при обнулении социальных отчислений не увеличивать размер уплаты социального налога.

5. Согласно поручению Главы государства, данного по итогам расширенного заседания Правительства Республики Казахстан от 10 июля 2020 года, предусматриваются дополнительные нормы касательно внедрения «принципа должной осмотрительности». Предлагаются положения по созданию интегрированной базы данных по субъектам бизнеса для самостоятельной проверки контрагентов.

6. Предусматривается уменьшение годовой ставки платы за сотовую связь.

7. Предлагается исключить норму о публикации в средствах массовой информации списков физических лиц, имеющих налоговую задолженность в размере более 10-кратного размера месячного расчетного показателя.

Кроме того, внесен ряд изменений, корреспондирующих нормы статей законопроекта, а также связанных с правилами юридической техники.

Все замечания и предложения сведены в сравнительную таблицу, состоящую из 46 пунктов.

На основании вышеизложенного Комитет по финансам и бюджету предлагает перейти к рассмотрению сравнительной таблицы, а также в соответствии с пунктом 5 статьи 61 Конституции Республики Казахстан рекомендует направить в Мажилис Парламента изменения и дополнения в рассматриваемый проект закона.

Благодарю за внимание

ТӨРАҒА. Рақмет, Ғұмар Ислямұлы.

Құрметті әріптестер, заң жобасы бірінші оқылымда жан-жақты талқыланды. Тағы да талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жок.

ТӨРАҒА. Ендеше заң жобасы бойынша салыстырма кестені қараймыз.

Кестеге 46 позиция енгізілген. Бас комитет бұл түзетулер қабылдансын деген ұсыныс жасап отыр. Комитеттің ұсынысын қолдаймыз ба?

ОРНЫНАН. Қолдаймыз.

ТӨРАҒА. Онда заң жобасы бойынша салыстырма кестеге енгізілген түзетулерді бас комитеттің ұсыныстарымен тұтастай дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң жобасына Сенат енгізген түзетулер қабылданды.

Енді Мәжіліс мақұлдаған қалған баптарды дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Мәжіліс мақұлдаған баптар қабылданды.

Енді Сенат енгізген түзетулерді Мәжіліске жіберу жөніндегі қаулыны дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. Заң жобасына Сенат енгізген түзетулер Мәжіліске жіберіледі.

Құрметті әріптестер! Бұл заң жобасының маңызы өте зор. Оны жаңа сөйлеген сенаторлар да атап өтті. Себебі осы заң жобасының барлық мемлекеттік органдарға, мекемелерге, жеке және заңды тұлғаларға қатысы бар.

Қазіргідей әлемдік экономикалық дағдарыс кезеңінде салық жүйесінің тиімділігін арттыру – негізгі міндеттердің бірі. Сондықтан депутаттар заң жобасын қарау барысында оның экономикалық әсеріне баса мән берді.

Сондай-ақ жеке азаматтардың салықтарын жеңілдету, шағын және орта бизнес пен инвесторларға қолдау көрсету жақтарына ерекше көңіл бөлінді.

Сол себепті сенаторлар Салық кодексіне енгізу үшін бірқатар маңызды нормалар ұсынып отыр. Бұл түзетулер Мемлекет басшысының биылғы Жолдауында айтылған тапсырмаларды іске асыруға арналған.

Сенаттың түзетулерін бірнеше бағытқа бөлуге болады. Ең алдымен шағын және орта бизнесті қолдау мәселесі. Қазіргі таңда бұл саланың жағдайы бәрімізге белгілі. «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының мәліметі бойынша осы саладағы кәсіпорындардың 30 пайыздан астамы жұмысын тоқтатуға мәжбүр болған.

Пандемиядан айтарлықтай зардап шеккен секторларға қолдау көрсету үшін шағын және орта бизнесті екі жылға қосылған құн салығынан және әлеуметтік салықтан босату ұсынылып отыр.

Сонымен қатар сенаторлар осы заң жобасында корпоративтік және жеке табыс салығын есептеудің ерекше тәртібін ұсынып отыр. Мемлекет басшысының бастамасымен табыстың 3 пайызы көлемінде бөлшек салық (орысша «розничный налог») енгізіледі. Мұндай қадам пандемиядан зардап шеккен кәсіпкерлер үшін салық жүктемесін азайтуға және олардың жұмыстарына қолдау көрсетуге бағытталып отыр.

Келесі мәселе. Қазіргі таңда баспана алу, емделу сияқты қажеттіліктер үшін зейнетақы жинағының бір бөлігін пайдалану мүмкіндігі қаралып жатыр. Бұл – Президенттің азаматтардың өтініштеріне байланысты берген нақты тапсырмасы.

Зейнетақы жинағындағы қаржының бір бөлігін алдын ала алған кезде оның 10 пайызын бір реттік салық ретінде төлеу керектігі белгілі. Оны қазіргідей кезеңде азаматтар үшін тиімсіз деп есептейміз. Сондықтан аталған салықты зейнетақы жинағын алған кезде емес, тек зейнетке шыққан соң ғана төлеу ұсынылып отыр. Оның өзінде бәрін бірдей аудармай, заң жобасына 16 жылдың ішінде бөліп төлеу туралы норма енгізілді.

Сонымен қатар заң жобасына Мемлекет басшысының инвесторларға қолдау көрсетуге арналған бастамаларын іске асыру үшін тиісті нормалар енгізілді. Инвестицияның көлеміне, мерзіміне және жұмыс істейтін орынға байланысты инвесторлар 10 жылға дейін корпоративті табыс салығынан, жер салығынан, қосылған құн салығынан және мүлік салығынан босатылады. Бұл қадам қазіргідей күрделі кезеңде ел экономикасына инвесторлар тартып, жаңа жобаларды жүзеге асыру үшін қажет.

Ауылдық жерлерді сапалы интернетпен қамтамасыз ету мәселесі де өте өзекті. Бұл мәселені де бүгін әріптестеріміз көтерді.

Бұл – Мемлекет басшысының аумақтарды теңгерімді дамыту бастамасымен байланысты мақсат. Сондықтан сенаторлар байланыс операторлары мобильді байланыс үшін төлейтін төлемнің жылдық мөлшерлемесін 90 пайызға төмендетуді ұсынып отыр. Мұндай жеңілдікті алу үшін байланыс операторлары осыдан үнемделген қаражатты бірінші кезекте ауылдарды сапалы, кең жолақты интернетпен қамтамасыз етуге жұмсау керек.

Сенаторлар тарапынан заң жобасына осы және басқа да нормалар енгізіліп отыр. Олардың бәрі азаматтар мен бизнеске қолдау көрсетіп, ел игілігіне қызмет етеді деп сенеміз.

Осы заң жобасы бойынша шақырылған азаматтарға және бейнеконференц байланысы арқылы қосылған әріптестерімізге рақмет. Сау болыңыздар. Жұмыстарыңыз табысты болсын.

Руслан Ерболатұлына сөз беріледі, министрдің микрофонын қосыңыздар.

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Хочу выразить огромную благодарность лично Вам и всему депутатскому корпусу. Одобренные сегодня вами поправки несут большую пользу гражданам, будут способствовать привлечению инвестиций и созданию рабочих мест. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Сау болыңыз.

Құрметті депутаттар! Күн тәртібіндегі мәселелер қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Құрметті әріптестер, депутаттық сауалдар бар ма?

Сөз депутат Мұрат Бақтиярұлына беріледі.

БАҚТИЯРҰЛЫ М. Рақмет, құрметті Төраға. Біздің депутаттық сауалымыз Үкімет басшысына арналады.

«Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! Өз өңіріміздің сайлаушыларымен кездесу барысында айтылған жайларды және жуырда Байқоңыр қаласы тұрғындарының талап өтініштері мен Қызылорда облысының Қоғамдық кеңесінің менің атыма жазған хатын осы депутаттық сауал арқылы сіздің назарыңызға жеткізгелі отырмыз.

Байқоңыр қаласында қазір 77 мыңнан аса халық тұрады, оның 70 пайызы Қазақстан азаматтары. 1995 жылдан бастап Қазақстан – Ресей үкіметтері арасында Байқоңыр космодромына байланысты 20-дан астам келісім ратификацияланып, құқықтық актілерге қол қойылып, қабылданғанына қарамастан, Байқоңырда тұрып жатқан Қазақстан азаматтарының әлі де болса да шешімін таппай отырған мәселелері жеткілікті екендігіне назар аударғанды жөн санадық. Солардың ең бастысы Байқоңыр қаласындағы қазақстандық стандартпен білім беретін балабақшалар мен мектептердің тапшылығы болып отыр.

2015 жылы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы үкіметаралық комиссиясының шешімімен Ресей Федерациясына қарасты 5 мектеп пен 1 балабақша Қазақстан Республикасының қарамағына алынып, балаларға қазақстандық стандартпен қазақ тілінде білім алуға мүмкіндік жасалды. Үстіміздегі жылы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде қосымша екі балабақша ашылып, қызмет көрсетуде.

Дегенмен қазақ тілінде тәрбие беретін балабақшалардың бүгінгі жағдайы алаңдатып отыр, өйткені бұл балабақшаларда ана тілінде тәрбие беру және толыққанды мектепалды даярлықтан өткізуде кемшіліктер бар. Соған орай қазіргі уақытта

ата-аналарды өз балаларының алдағы уақытта қазақ мектептерінде білім алуы үшін толыққанды мектепалды даярлықтан өтулері қанағаттандырмай келеді.

Сол себептен Байқоңыр қаласының орталық тұрғын үй мөлтек аудандарында орналасқан Ресей Федерациясының меншігіндегі толық пайдаланылмай тұрған 13 балабақшаның бірнешеуін Қазақстанның қарамағына алуын байқоңырлықтар орынды көтеріп отыр деп санаймыз. Бұл – қала тұрғындары үшін өзекті проблеманың бірі.

Қазіргі жағдай бойынша Байқоңыр қаласындағы қазақ тілінде білім беретін бес қазақ мектебінде бүгінгі күні 5 мың 236 бала білім алса, ресейлік жеті мектепте 4 мың 49 бала білім алады, соның 1 мың 508-і, яғни 37 пайызы Қазақстан Республикасы азаматтарының балалары.

Байқоңыр қаласының тұрғындарымен кездесу кезінде ресейлік орыс мектептерінде оқитын балалардың да Қазақстан тарихын, оның тілі мен әдебиетін, мәдениетін меңгерген, ұлттық салт-дәстүрді бойына сіңіріп өскен ұлтжанды азамат болып тәрбиеленуі үшін қазақстандық стандартпен орыс тілінде білім беретін мектеп ашуға деген сұраныстың жоғары екендігі байқалды.

Сол себептен сыйымдылығы толық пайдаланылмай тұрған Ресей Федерациясына қарасты жеті мектептің болмағанда біреуін Қазақстанның меншігіне алып, орыс тілінде білім беретін мектеп ретінде ашуды өтініш етіп айтқан болатын.

Бұл сұрақ екі елдің арасындағы үкіметаралық комиссия шеңберінде бірнеше рет көтерілгенімен, шешімі осы кезге дейін табылмай келеді. Бұл жағдай ресейлік мектепте оқитын балалардың мектеп бітірген соң Ұлттық бірыңғай тестіге қатынасып, қазақстандық жоғары оқу орындарына түсуіне көп кедергі келтіруде. Өйткені емтихан тапсыратын міндетті пәндер, атап айтқанда, «Қазақстан тарихы», «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті» ресейлік мектептерде оқытылмайды. Олар Қазақстан аумағында туып-өскенімен, өз жерінде тұрып, өз елінде білім алғандарымен «менің отаным – Россия, менің астанам – Москва» деп, Россияның арғы-бергі тарихын, тілі мен әдебиетін оқып, әрине ресейлік патриотизм рухында тәрбиеленеді. Айта өтуіміз керек, біз жерімізді жалға бергенімізбен, сол жерде тұрып жатқан халқымызды жалға берген жоқпыз ғой.

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! Үкімет басшысы ретінде Байқоңыр қаласы тұрғындарының білім беру саласына қатысты осы түйткілді мәселесін басты назарға алып, оң шешімін табуына ықпал етуіңізді сұраймыз.

Құрметпен, сенаторлар Бақтиярұлы, Әлназарова». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Рысбекова Ләззэт Тұяқбайқызына беріледі.

РЫСБЕКОВА Л.Т. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Наш депутатский запрос адресован Премьер-Министру Республики Казахстан Аскару Узакпаевичу Мамину.

«О сохранении экосистемы Урала говорят на протяжении многих лет. Существует межрегиональное соглашение, проводятся заседания российско-казахстанской комиссии, утвержден план мероприятий по улучшению экосистемы бассейна и предотвращению трансграничного загрязнения Урала. Однако проблема до сих пор не решена.

Эксперты предупреждают, что обмеление реки Урал, которая является третьей по протяженности рекой в Европе, грозит неминуемой экологической катастрофой. Особую роль играет Урал в сохранении экосистемы и биоресурсов Северного Каспия, куда впадает.

В прошлом году Международная геодезическая организация присвоила реке пятый, самый последний, уровень загрязнения, фактически признав ее непригодной для использования человеком. За последние пять лет река Урал обмелела настолько, что судоходство по ней стало практически невозможным, резко увеличилось количество намывной полосы суши, именуемой косами. На сегодня уровень воды в Урале достиг рекордного минимума.

Урал – это не просто река, а целая экосистема и ее обмеление тянет за собой ряд очень серьезных экологических проблем: не заливается пойма реки, пересыхают многочисленные озера, подпитывающие Урал в засушливое время года, гибнет рыба, снижается уровень грунтовых вод.

Обмеление реки влияет на ухудшение флоры и фауны бассейна реки Урал, на снижение продуктивности сельского хозяйства региона, а также на снабжение питьевой водой населенных пунктов области.

За последние годы отмечается усыхание и деградация пойменных лугов, ряд лугов стали непригодными для сенокосения. Также поредели площади пойменных лесов, исчезают краснокнижные виды деревьев.

Для жителей двух регионов Казахстана река Урал является основным источником пресной воды. Обмеление реки уже сказалось и на бесперебойном водоснабжении самого города Уральска. Если сейчас река потеряна для судоходства и водопользования, то завтра миллионы людей могут оказаться без питьевой воды.

На сегодня остро стоит вопрос обеспечения водой в южных районах области, расположенных в пустынной зоне. Последние три года в каналы и лиманы районов из-за маловодья на Урале не поступает достаточного объема воды, высыхающие пастбища не могут обеспечить кормами, под угрозой потери находится поголовье скота сельчан.

Существующая острая нехватка воды также является и результатом излишней зарегулированности реки Урал в верховьях. В пределах Республики Башкортостан и Оренбургской области находятся 13 крупных водохранилищ объемом более 10 миллионов кубических метров, около 80 гидроузлов с капитальными сооружениями, более 3100 земляных плотин на малых реках, а также ряд мелких водохранилищ на основных притоках реки, большое количество прудов, которые в итоге задерживают в многоводный год до 40-50 процентов, а в маловодный год до 85 процентов весеннего стока.

Исходя из вышеизложенного, для решения существующей острой проблемы обмеления реки Урал и нехватки воды в области считаем необходимым принять следующие меры:

- 1) создать постоянно действующую казахстанско-российскую комиссию;
- 2) провести масштабное, тщательное и комплексное научное изучение учеными и экспертами самой реки Урал, причин ее обмеления. Только поняв причины и получив результаты исследований, можно говорить о том, какие дополнительные меры еще необходимо предпринять для решения проблемы;
- 3) разработать системную международную программу, которая решила бы внутренние проблемы по бассейну реки Урал;

4) неукоснительно соблюдать требования экологических международных конвенций и обязательств, подписанных казахстанской и российской сторонами;

5) осуществлять постоянный экологический мониторинг состояния реки Урал.

Полный текст депутатского запроса состоит из пяти страниц.

С уважением, депутаты Сената Рысбекова, Адильбеков, Султанов, Алдашев, Каниев, Куртаев, Лукпанов, Мамытбеков, Дюсембаев, Турегалиев».

Спасибо за внимание.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Бектаев Әли Әбдікәрімұлына беріледі.

БЕКТАЕВ Ә.Ә. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы. Менің депутаттық сауалым Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне жолданады.

«Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! Халықты әлеуметтік қорғауда, әсіресе зейнетақымен қамтамасыз етуде назар аударатын нәрселер көбейіп бара жатыр. Әсіресе ауылдық жерлерде тұрақты жұмыс орындарының болмауынан, ауыл шаруашылығы өнімділігінің төмендігінен, жалақының аздығынан ауыл еңбеккерлерінен зейнетақы жинақтау қорына түсетін түсімдердің көлемі жылдан-жылға азайып келеді. Ертең ауыл тұрғындарының бұл қордан алатын зейнетақысы да мардымсыз болатыны анық.

Бүгінгі таңда 1998 жылдың 1 қаңтарына жұмыс өтілі 25 жылға толған ер азаматтарға, 20 жылға толған әйелдерге орта табысының 60 пайызын зейнетақы ретінде алу мүмкіндігі ауылдықтардың көпшілігіне бұйырмай тұр. Өйткені ауыл шаруашылығы жұмыстарының негізінен маусымдық болуына байланысты көп еңбеккерлердің жұмыс өтілі 20-25 жылға жетпейді, ал жеткеннің өзінде орта табысынан алынатын төлемақысы түкке де арзымайды.

Оның үстіне сонау 90-жылдары асығыс жасалған жекешелендіру кезінде кеңшарлардың қаншама құжаттары мұрағатқа өткізілмей, ауыл адамдарының еңбек кітапшаларымен бірге еңбек өтілдері де жойылып кеткен. Бұның барлығы олардың зейнетақысының көлеміне кері әсерін тигізіп келеді. Бір сөзбен айтқанда, бүгінде ең төмен зейнетақы алатындар да, болашақта зейнетақысы ең төмен болатындар да сол ауыл тұрғындары болмақ. Жұрт қатарлы зейнетақы қорының бір бөлігін алып, пайдалана алмайтындар да сол ауылдықтар болайын деп тұр.

Мен жақында Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі мерзімге арналған зейнетақы жүйесін жаңғырту туралы тұжырымдаманың жобасымен таныстым. Ашығын айту керек, аты дардай болғанмен бұл тұжырымдамадан ешқандай жаңалық көрген жоқпын. Есесіне бұған дейін беріліп келген базалық зейнетақы төлемін, ең төменгі зейнетақыны, жинақталған зейнетақының сақталуын қамтамасыз ететін мемлекеттік кепілдемені біріктіріп, бір ғана «кепілдендірілген төменгі зейнетақы» деген ұғым енгізілгелі отырғанын байқадым. Бұл жерде де ауылдағы зейнеткерлер сол ең төменгі зейнетақыға тәуелді болайын деп тұр.

Ондай тұжырымдаманы мүлдем қабылдауға болмайды деп есептеймін. Жаңа қабылданатын тұжырымдама ауыл тұрғындарының зейнетақысы бойынша жаңа стандарттарды белгілейтін, ауыл еңбеккерлерінің зейнетақы жинақтарын көбейтудің, оларды кепілдендірудің жолдарын қарастыратын құжат болуы керек деп ойлаймын.

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! Біздің елімізде зейнетақы жүйесінде ғана емес, халықты әлеуметтік қорғаудың барлық саласында қордаланған проблемалар көбейіп келеді.

Біздегі әлеуметтік саясат тұрғындарды еңбек етіп, табыс табуға емес, үйде жатып мемлекет берген жәрдемақыны күнкөріс етуге ынталандыратын сияқты. Әлеуметтік көмек алу үшін өтірік ажырасып, ата-анасын қарттар үйіне өткізіп жатқандар көбейді.

Бүгінгі қолданылып жатқан әлеуметтік жүйе бытыраңқы, 14 түрлі заңмен реттеледі, балалардың санына ғана есептелген 20-дан астам түрлі жәрдемақы түрлерін қамтиды.

Балаларға берілетін жәрдемақы ең төменгі кедейшілік шегінің 70 пайызын ғана құрайды. Олай болса, оларда отанға деген патриотизм мен сүйіспеншіліктің сол деңгейде болатыны айдан анық.

Бұның барлығы Қазақстанға жаңа әлеуметтік саясат енгізу қажет екендігін көрсетеді. Жаңа саясат негізінен балаларды қорғау мен қолдауға бағытталуы қажет. Ал дені сау, төрт мүшесі түгел әрбір ересек еңбек етуге ынталану керек.

Біздің ойымызша мемлекет балалардың әрқайсысын тұрмыстық жағдайына қарамай, туылған кезінен 18 жасқа толғанға дейін кепілді және міндетті түрде әлеуметтік қолдаудың жаңа стандарттарын енгізуі керек. Балаларға бөлінетін бұл қаражат-қаржы әлеуметтік көмек немесе жәрдемақы деп аталмауы тиіс, «бала капиталы» деген атаумен арнайы карточкалар арқылы әр баланың өз қажетіне ғана жұмсалатын болуы тиіс. Әрине ол бүгінгі әлеуметтік стандарттардан әлдеқайда жоғары болуы шарт, оған мемлекеттен қомақты қаржы да бөлінуі тиіс. Бірақ балаларға жұмсалған капитал ертең еселеніп қайтатынына ешқандай күмәніміз жоқ.

Балалардың үйдегі жағдайын қалыптастыру мақсатында отбасыларды сүйемелдеу институтын, саулық индексін, әр шаңырақтың әлеуметтік карталарын өмірге енгізу қажет. Әсіресе қазақстандықтарды қалалық, ауылдық деп бөлмей, оларға әлеуметтік кепілдіктерге бірдей жағдай туғызу мақсатында барлық әлеуметтік бюджетті біріктіретін бірыңғай әлеуметтік қор құру қажет. Оған мемлекеттік және атқарушы органдардың, квазимемлекеттік холдингтердің, кәсіпкерлердің мүмкіндіктерін жұмылдыру маңызды деп есептейміз.

Әрбір қазақстандықты өмірлік сапаның ең жоғарғы стандарттарына қол жеткіздіретін жаңа әлеуметтік саясатты іске асыру кезек күттірмейтін мәселе деп есептейміз.

Құрметпен, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Әли Бектаев». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, басқа сауалдар жоқ.

Біз бүгін маңызды заңдарды қарап, бәріміз бірге нәтижелі жұмыс істедік. Баршаңызға рақмет. Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ
2020 жылғы 12 қараша

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «1994 жылғы 9 қыркүйектегі Еуразиялық патент конвенциясына Өнеркәсіптік үлгілерді қорғау туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде

О проекте Закона Республики Казахстан «О ратификации Протокола об охране промышленных образцов к Евразийской патентной конвенции от 9 сентября 1994 года», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Қазақстан Республикасының Әділет министрі М.Б. БЕКЕТАЕВТЫҢ баяндамасы

Доклад Министра юстиции Республики Казахстан БЕКЕТАЕВА М.Б. 1

Сөз сөйлеген:

Выступила:

РЫСБЕКОВА Л.Т. 2

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы В.В. ВОЛКОВТЫҢ қосымша баяндамасы

Содоклад председателя Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам ВОЛКОВА В.В. 2

Сөз сөйлеген:

Выступил:

ЛУКИН А.И. 3

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Кодекс Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс) и Закон Республики Казахстан «О введении в действие Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет»

(Налоговый кодекс)», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан, (первое чтение)

**Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі
Р.Е. ДӘЛЕНОВТІҢ баяндамасы**

Доклад Министра национальной экономики Республики Казахстан
ДАЛЕНОВА Р.Е. 4

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ТӨРЕҒАЛИЕВ Н. 6

БАЕДІЛОВ Қ.Е. – Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі, вице-министр финансов Республики Казахстан 7

ЕРШОВ С.М. 7

МУСИН Б.Б. – Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі, Министр цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан..... 8

МАМЫТБЕКОВ Е.Қ. 9

ЛҰҚПАНОВ С.Е. 10

БАҚТИЯРҰЛЫ М. 11

БЕКНАЗАРОВ Н.Қ. 12

БАЕДІЛОВ Қ.Е. 13

БУЛАВКИНА О.А. 13

Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Ғ.И. ДҮЙСЕМБАЕВТЫҢ қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по финансам и бюджету ДҮСЕМБАЕВА Г.И. 14

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ЖҰМАҒАЗИЕВ М.С. 15

ДҮЙСЕМБАЕВ Ғ.И. 16

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Кодекс Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс) и Закон Республики Казахстан «О введении в действие Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс)» (второе чтение)

Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Ғ.И. ДҮЙСЕМБАЕВТЫҢ баяндамасы


Доклад члена Комитета по финансам и бюджету ДЮСЕМБАЕВА Г.И.	17
Сөз сөйлеген:	
Выступил:	
ДӘЛЕНОВ Р.Е.	20
Депутат М. БАҚТИЯРҰЛЫНЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А.Ұ. Маминге депутаттық сауалы	
Депутатский запрос депутата БАҚТИЯРҰЛЫ М. к Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину А.У.	20
Депутат Л.Т. РЫСБЕКОВАНЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А.Ұ. Маминге депутаттық сауалы	
Депутатский запрос депутата РЫСБЕКОВОЙ Л.Т. к Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину А.У.	21
Депутат Ә.Ә. БЕКТАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А.Ұ. Маминге депутаттық сауалы	
Депутатский запрос депутата БЕКТАЕВА А.А. к Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину А.У.	23

ШЖҚ-дағы "Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы" РМК директоры



А. Құсайынов

Стенографиялау қызметінің жетекші редакторы



И. Шыныбаева